

## Көшеге атау беру туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Сүттіқұдық ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 17 шілдедегі № 18 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 25-шілдеде № 5908 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына және Қызылорда облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 26 сәуірдегі № 1 қорытындысына сәйкес, Сүттіқұдық ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жаңақорған ауданының Сүттіқұдық ауылдық округінің Сүттіқұдық ауылындағы атауы жоқ көшеге "Шуақбай Торғаев" есімі берілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әкім міндетін уақытша атқарушы*

*Б. Ақтанов*